

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЖАСТАР ЖӘНЕ САЙЛАУ**Бустекбаев Қанат Танспекович**politologiya206@yandex.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің II-курс магистранты.
«Журналистика және саясаттану» факультеті, «Саясаттану» мамандығы.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық және әлеуметтік даму процесі қоғамның әлеуметтік топтарының оның ішінде жастардың құндылықтарының өзгеруіне ікеліп соғады. Қазіргі уақытта 14-29 жас аралығындағы әлеуметтік демографиялық жастар тобы Қазақстан Республикасы халқының үштен бір бөлігін құрайды. Бұл ұрпақ Қазақстан қоғамының тұрақтылығын және болашақтағы өзгеруін қамтамасыз етеді. Жастардың қоғамдық өмірге белсене араласуы деңгейі мемлекеттің мақсатты түрде жүргізілетін саясатының тиімділігіне байланысты болады.

Қоғамның дәстүрлі институттарының өзгеріске ұшырауы (отбасы, мемлекет, білім беру жүйесі, мәдениет және т.б.) жастар арасындағы маңызы бар әлеуметтік маңысы бар дәстүрлі құндылықтардың трансформациялануына алып келді. Нигилизмді, абсентизм, жастардың физиологиялық және рухани денсаулығының төмендеуі секілді теріс әрекеттер байқала бастады. Сонымен қатар, жастардың басын біріктіретін құрал ретінде әлеуметтенудің маңызды институттарының бірі және азаматтық қоғамның маңызды бөлігі болып табылатын қоғамдық ұйымдар мен жастар ұйымдарының маңызы арта түсті. Жастардың белсенділігі, олардың азаматтық және өмірлік позициясының пайда болуы, мемлекеттік және саяси шешімдерге қатысу және ықпал ету ниеті – бұл кез келген мемлекеттің ілгері дамуының кепілдігі. Бірақ әр түрлі билік деңгейлерінде өткізілген сайлауларға тоқталсақ жастардың сайлаушы ретінде саяси процеске араласу деңгейі төмендегенін байқауға болады. Жастардың электоралдық белсенділігінің төмендеуінің бірнеше себептері бар. Олардың қатарында: психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және т.б себептер. Сонымен жастар арасында саяси-құқықтық мәдениет қалыптастырудың, жас ұрпақ және мемлекеттік органдар арасындағы диалогты құрудың маңызы қазіргі таңда артып отыр.

Саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың дүниеге келуі жастардың саяси сана-сезімін, сондай-ақ саяси мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, ұлттық-мәдени орталықтар мен діни бірлестіктер қоғамдық сананың түрліше тұстарын қамтыды. Өйткенмен, бұлардың ішінде саяси партиялар ғана қоғам мен мемлекет арасындағы дәнекерлеуші буын қызметін атқара алады. Өйткені ол, ең алдымен, өз қызметінде қалың көпшіліктің мұңын мұндап, жоғын жоқтауы тиіс.

Жастардың саяси процесстерге қызығушылық танытуы және саясатқа араласу деңгейі маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Өкінішке орай қазіргі уақытта жастар саяси партиялармен саяси қозғалыстарғы мүше болуға асықпайды. Себебі, жастардың қызығушылығын ояту қиын, сонымен қатар оларды саяси лозунгтермен алдау өте қиын. Ал саяси партияларға мүше жастардың көп бөлігі билікке немесе ақшаға қызығып саясатқа араласуы мүмкін.

Бүгінгі таңда жастардың көп бөлігі өздерінің бос уақытын үйде, компьютер алдында өткізгенді жөн санайды. Жоғарыда айтылғандардың келесідей қорытынды шығаруға болады: жастар қоғамдық өміге араласпауға тырысады бұл өз кезегінде олардың саяси белсенділік деңгейіне әсер етеді.

Жастарды белсенді азаматтық ұстанымға итермелейтін негізге факторлардың бірі болып олардың дауыс беруіне байланысты өзгеріс болатындағына сенім білдіру. Өкінішке орай бүгінгі таңда жастардың көп бөлігі саяси процесстерге араласқаннан ештеңе өзгермейді деп есептейді.

Сайлау еркіндігі дегеніміз – онда азаматтар ерікті түрде қатысды, әр азамат (ша) сайлауға қатысуға немесе қатыспауға құқылы және оның еркіндігін ешкім шектемейді. Сайлауға

қатысу – азаматтарға міндетті емес. Азаматтарды сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеу әрекеті заң бұзушылықпен бірдей болып саналады және жауапқа тартылады. Сайлау құқығының маңызды бір принципі сайлау бостандығы принципі болып табылады. Конституция азаматтардың сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына кепілдік береді. Сайлау бостандығы принципі әрбір сайлаушы сайлауға қалай қатысуды өзі шешеді дегенді білдіреді. Ешкімнің де қандай да бір жолмен сайлаушыға ықпал етуге хақысы жоқ. Сонымен қатар барлық кандидаттарға заңға сәйкес сайлау алдындағы қызмет үшін тең мүмкіндік беріледі.

Сайлау бостандығы сайлау процесі барысында әрбір азаматтың еркін дауыс беруін тиісті дәрежеде ұйымдастыруға жауапты сайлау органдары лауазымды тұлғаларының қызметімен қамтамасыз етіледі. Сайлаудың жариялылығы принципі — демократиялық принциптердің бірі, ол сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің ашықтығы мен жариялылығын, сайлаудың барша процесін бұқаралық ақпарат құралдарының жан-жақты көрсетуімен қамтамасыз етіледі. Сайлау органдарының шешімдері баспасөзде жарияланады, радиотеледидар арқылы хабарланады. Сайлаушылар депутаттыққа кандидаттар туралы, сондай-ақ сайлау процесі туралы ақпараттар алуға хақылы. Сайлау құқығын шектеу сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтарға қатысты қолданылады. Олардың сайлауға қатысуға құқығы жоқ және сайланбалы лауазымдарға сайлана алмайды.

Жалпы елімізде әр түрлі жастаға топтар әр түрлі саяси белсенділік танытады. Негізінен саяси сауатты әре белсенділік танытатын негізінен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері болып табылады. Мысалға, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларының қызметкерлері. Керісінше саяси белсенділігі төмен топтарға студенттен жатады екен. Жоғарыда қарастырғанымыздай бұл процесстің негізгі үш себебі бар: құқықтық нигилизм, билікке сенбеушілік және негативті әлеуметтік адаптация.

Қорытындылай келе жастардың электоралдық әрекетін зерттеу нәтижесінде Қазақстанның демократиялық жолда дамуы үшін маңызды екенін түсінуге болады. Жастардың сайлауға деген қатынасынан олардың жалпы демократиялық ұстанымдарға деген көзқарастарын бағалауға болады. Бұл мәселемен жоғары мемлекеттік дейнейде айналысудың қазіргі уақытта қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі уақытта жастарды саяси процесстарге деген көзқарастарын өзгертудің маңызы артып отыр. Тек жүйелі түрде жүргізілген іс-шаралардың нәтижесі бойыша еліміздегі жастар саясаты өз жемісін береді деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. 30тамыз.
2. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" С.К.Амандықова., Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы / Оқулық.
4. А.Т.Ащеулов., Конституционное право Республики Казахстан. Алматы 2001ж.
5. Ж.Баишев., Конституционное право Республики Казахстан. Алматы 2001г.
6. Г.С.Сапарғалиев., Конституционное право Республики Казахстан. Алматы 2002ж.
7. Г.С.Сапарғалиев., Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы / Оқулық.